

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Жеткізгенқызы Райхан

6B01301- Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы білім бағдарламасының III курс студенті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., профессор - Туленова У.Т.

**Аңдатпа:** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу және функционалдық сауаттылығын дамытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, оны талдау, саралау, қолдану дағдыларын қалыптастыру жолдары айқындалады. Сонымен қатар, жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың цифрлық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттіліктерін дамытуда заманауи цифрлық құралдардың, соның ішінде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері сипатталады.

**Кілт сөздер:** функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, жасанды интеллект, цифрлық білім беру, құзыреттілік, инновация.

Қазіргі цифрлық қоғамда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде. Әсіресе, бастауыш сыныптан бастап оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту – олардың болашақтағы табысты өмірінің негізі болып табылады. Оқу сауаттылығы тек мәтінді түсіну ғана емес, оны талдау, бағалау және өмірде қолдана білу қабілетімен сипатталады.

Осы тұрғыда жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне енгізу ерекше маңызға ие. ЖИ оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін дараландыруға, олардың қызығушылығын арттыруға және оқу тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады. Заманауи мұғалімнің құзыреттілігі бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға және сабақта кең ауқымды дағдыларды қалыптастырушы бағалау негізінде әр оқушының деңгейін ескере отырып, сапалы оқытуды қамтамасыз ету құзыреттілігін жетілдірумен байланысты.

Бүгінгі қоғам мен білім берудің жаңа парадигмаларының сұранысын қанағаттандыру үшін тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу заман талабы. Білім алушы бойына оқу (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым), ойлау (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау), шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, сыни ойлау, алгоритмдік ойлау, проблемалық ойлау, технологиялық ойлау, тілдік құзыреттілік, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы құзыреттіліктерін қалыптастыру — жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында екенін ескерілуі қажет. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жолдары: Мектепте бастауыш және жоғары деңгейдегі функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша әр түрлі тапсырмалар барған сайын артып келеді. Олар жыл бойына оқу процесінде біркелкі бөлінуі керек. Олардың негізгі ерекшеліктері: - балалар өздерін елестете алатын нақты жағдайларға байланысты; - білім алушылардың жасына сәйкестігі; - білім мен факторлардың жүйелілігі мен байланысы. Функционалдық сауаттылығы дамыған оқушының айрықша белгілері: - әр түрлі тұрмыстық мәселелерді сәтті шешеді; - әр түрлі әлеуметтік жағдайларда қарым қатынас жасай алады және жол таба алады; - байланыс құру үшін негізгі оқу және жазу дағдыларын қолданады; - бір факт

немесе құбылыс зерттеліп, содан кейін әр түрлі жағынан бағаланған кезде пәнаралық байланыстар жасайды. Соңғы уақытта республикамыздағы мектептердің халықаралық зерттеулерге қатысып жатқаны баршамызға аян. Бұл зерттеулер негізінен функционалдық сауаттылықты құрайтын үш компонентті қарастырады: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыс сауаттылығы.

Оқушы:

- ақпаратты іздей білуі;
- маңыздысын ажырата алуы;
- фактілерді тексеруі;
- мәтін бойынша өз ойын

Жасанды интеллект – оқыту процесін жетілдіретін заманауи құрал болып табылады. Жасанды интеллект білім беру саласында оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз етіп, уақыт пен кеңістік шектеулерін жояды. ЖИ негізіндегі онлайн платформалар арқылы оқушылар кез келген уақытта, кез келген жерде білім ала алады. Мұндай жүйе әр адамның өз қарқынында білім алуына мүмкіндік беріп қана қоймай, қосымша ресурстар мен материалдарды пайдалануға жағдай жасайды. ЖИ жүйелері оқушының жетістіктерін бақылап, қажет болған жағдайда оның оқуын түзетіп отырады. Мәселен, егер оқушы белгілі бір тақырыпты меңгеру барысында қиындыққа тап болса, ЖИ оны анықтап, тиісті материалдармен қамтамасыз етеді. Аталған тәсіл білім алудың шектеулерін жойып, оқушыға ыңғайлы жағдайда білім алуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект білім беру саласында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Бүгінде білім деңгейін тексеруде көбінесе тесттер мен емтихандар қолданылады. Алайда, бұл әдістер оқушының шынайы білімін толық көрсетпеуі мүмкін. ЖИ осы процесті дәлірек және әділеттірек етуге мүмкіндік береді. Ол оқушылардың әртүрлі тапсырмалар мен жаттығуларды орындау кезінде жинаған деректерін талдап, олардың білім деңгейін тереңірек бағалай алады. Бұл тәсіл оқушылардың оқу барысындағы күшті және әлсіз жақтарын анықтауға да көмектеседі. Сондай-ақ, ЖИ оқушылардың сұрақтарына жылдам жауап беріп, оларға қажетті кері байланыс ұсына алады. Мұндай әдіс оқыту процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алу жылдамдығын жоғары деңгейде сақтап тұруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің бағалау жүйесіне енгізілуі білім беру сапасын жақсартып, әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бағытталған әділ әрі икемді бағалау жүйесін қалыптастырады.

Жасанды интеллект білім беру мазмұнын жаңартудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Оның көмегімен мультимедиялық контенттер жасау және интерактивті оқу материалдарын дайындау процесі айтарлықтай жеңілдей түседі. Сондай-ақ, ЖИ виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологияларымен үйлесе отырып, оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, тарих немесе биология сабақтарында оқушылар тек кітаптар мен суреттерге қарап қана қоймай, VR технологиясы арқылы көне дәуірлерге саяхат жасап, сол заманды «сезіне» алады. Биология сабағында тірі ағзалардың күрделі процестерін көзбен көріп, толық түсінуіне мүмкіндік туады. Бұл білім алуды қызықты етіп қана қоймай, материалды тереңірек меңгеруге септігін тигізеді. Жасанды интеллект жүйелері білім беру саласында оқушылардың деректерін жинап, өңдеуге қабілетті. Алайда, бұл процессте деректердің құпиялығын сақтау басты міндет саналады. ЖИ технологияларының жауапкершілікпен қолданылуы – білім беру процесінің сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың құқығын сақтауға да кепілдік береді. Бұл технологияның пайдасын көргісі келетін барлық тараптар үшін сенімділік пен ашықтық маңызды болып қала береді. Жасанды интеллект білім беру саласын революциялық тұрғыда өзгертетін қуатты құрал бола алады. Жеке тұлғаға бейімделген оқыту, үздіксіз білім алу мүмкіндіктері және мұғалімдер рөлінің трансформациясы – осының барлығы болашақта білім беру тәжірибесін сапалы жаңа деңгейге көтеретін өзгерістер. ЖИ оқушылардың білім алу процесін оңтайландырып, олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарларын құруға мүмкіндік береді.

Бастауыш білім беруде ЖИ келесі мүмкіндіктерді жүзеге асырады:

- Даралап оқыту (персонализация)

Әр оқушының деңгейіне сай тапсырмалар ұсыну

- Интерактивті оқу ортасы

Оқушының қызығушылығын арттыратын цифрлық платформалар

- Жедел кері байланыс

Қателерді бірден анықтап, түзетуге мүмкіндік беру

- Оқу аналитикасы

Оқушының даму динамикасын бақылау бойынша ЖИ негізіндегі платформалар мәтінді түсінуге арналған тапсырмалар, тесттер, ойын элементтері арқылы оқу сауаттылығын дамытады.

Жаңартылған білім беру мазмұны келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

- спиральді оқыту қағидаты;
- Блум таксономиясына негізделген мақсаттар;
- пәнаралық байланыс;
- оқушының белсенді танымдық әрекеті.

Жасанды интеллект осы талаптарды жүзеге асыруда тиімді құрал болып табылады. Ол:

- сыни ойлауды дамытады;
- шығармашылық тапсырмалар ұсынады;
- оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

Жасанды интеллектті қолданудың тиімді әдістері:

- Ақылды оқу платформалары арқылы мәтінмен жұмыс
- Чат-боттар көмегімен сұрақ-жауап ұйымдастыру
- Дыбыстық және мәтіндік талдау құралдары арқылы оқылым дағдыларын жетілдіру
- Ойын технологиялары (геймификация) арқылы қызығушылықты арттыру

Сонымен қатар:

- оқушылар мәтінді талдайды;
- сұрақтарға жауап береді;
- өз ойын дәлелдейді;
- шығармашылық жұмыстар орындайды.

ЖИ қолдану мұғалімнің орнын алмастырмайды, керісінше оның қызметін жаңа деңгейге көтереді. Мұғалім:

- оқу процесін ұйымдастырушы;
- бағыт беруші;
- оқушының дамуын бақылаушы рөлін атқарады.

Мұғалімнің негізгі міндеті – ЖИ құралдарын тиімді пайдаланып, оқушының оқу сауаттылығын дамыту.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологияларын қолдану бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуда үлкен мүмкіндіктер береді. Ол оқыту процесін тиімді, қызықты және нәтижелі етеді. Бүгінгі таңда функционалдық сауатты, сыни ойлайтын, ақпаратты талдай алатын тұлға қалыптастыру – білім беру жүйесінің басты мақсаты. Осы мақсатқа жетуде жасанды интеллект маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Жас ұрпақтың сапалы білім алуы – еліміздің болашағының кепілі. Сондықтан білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу – уақыт талабы.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей. Үшінші басылым. 2012-106 б.

3. Мисюрина Н.М. . Развитие сотрудничества, как одна из форм работы по формированию функциональной грамотности у учащихся КГУ «Школа-лицей №66», г. Караганда
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемелі ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы, 2013. - 44
5. Смит, Дж. (2020). Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктер мен қиындықтар . Оқу журналы.
6. Браун, Л. және Джонсон, П. (2019). AI көмегімен жекелендірілген оқыту . Білім беру технологиясына шолу.
7. Миллер, Р. (2021). Қазіргі сыныптардағы AI ролі . Білім беру